

«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
республикалық мемлекеттік кәсіпорны,  
«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы  
және Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі  
арасындағы ынтымақтастық туралы

## КЕЛІСІМ

Астана қ.

2023 жылғы «20» қараша

«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Институт), бір тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін Директор **Қанатбек Бейсенбекұлы Сафинов** атынан, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – Палата), Жарғы негізінде әрекет ететін Төралқа төрағасы **Райымбек Әнуарұлы Баталов** атынан және Қазақстан кәсіпкерлерін құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – Бизнес-омбудсмен), **Рустам Манарбекұлы Жүрсінов**, бұдан әрі Тараптар деп аталатындар,

Қазақстан Республикасының Конституциясын және қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып;

қоғамдық келісімнің, саяси тұрақтылықтың және бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық дамудың негізге алатын конституциялық қағидаттарын сақтай отырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстанның дамуын бірлесіп жақтайтынын растай отырып;

тең құқылы және сындарлы диалогты, сондай-ақ мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы әріптестікті қоғамдағы проблемалардың жүйелі шешімдерін іздеудің және құқықтық мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралы деп санай отырып;

Институт қызметінің негізгі мақсаты парламентаризмді одан әрі дамыту және Парламент депутаттары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық еткен заң жобаларына сараптамалық-талдамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету арқылы депутаттардың заңнамалық бастамасын іске асыруға жәрдемдесу және Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілді және заңнамалық рөлін күшейту болып табылатынын ескере отырып;

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген Палатаның Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің өсуі мен одан әрі дамуы үшін институционалдық негізді қалыптастыру жөніндегі мақсатын, оның кәсіпкерлік қоғамдастықты шоғырландыру, кәсіпкерлік субъектілерінің

құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау жөніндегі міндеттерін назарға ала отырып, сондай-ақ Палатаның отандық бизнесті қолдау саласындағы функцияларын ескере отырып;

Бизнес-омбудсменнің кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін ұсынуға, қамтамасыз етуге және қорғауға, сол сияқты кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін қорғауға бағытталған қызметіне мән бере отырып;

өз құзыреттері мен өкілеттіктері шегінде келісімге қол жеткізді және төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты:

### **1. Келісімнің мақсаты**

Осы Келісім отандық кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және кәсіпкерлік бастаманы іске асыру, сондай-ақ бизнесті қорғау үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау мәселелері бойынша бірлескен және келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыруда Тараптардың өзара қолдауы мен белсенді ынтымақтастығын қамтамасыз ету мақсатында жасалады.

Осы мақсатқа сәйкес Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттері мен функциялары шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуды заңнамалық қамтамасыз ету және бизнес мүдделерін қорғау мәселелері бойынша жүйелі өзара іс-қимылды ұйымдастыру туралы уағдаласады.

### **2. Ынтымақтастық негіздері мен қағидаттары**

Осы Келісім шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін (оның ішінде Тараптардың әрқайсысының ішкі құжаттарын) басшылыққа алады және тең құқылық, ашықтық және адалдық қағидаттарына негізделген өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Осы Келісімді іске асыру Тараптардың әрқайсысының басқа функциялары мен міндеттерін орындауына кедергі болмайды.

### **3. Бірлескен қызмет бағыттары**

Келісімнің мақсатына сәйкес Тараптар мынадай мәселелерде өзара іс-қимыл жасайды:

- 1) Тараптардың әрқайсысының жарғылық міндеттері мен мүдделеріне сәйкес ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін әрекет етеді;
- 2) қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге бірлесіп қатысады;

3) кәсіпкерлікті дамыту және қорғау, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешудің оңтайлы жолдарын бірлесіп іздеу, бизнесті дамытуға және бизнес-ахуалды жақсартуға кедергі келтіретін жүйелі проблемалар мен кедергілерді анықтау, оларды шешу жөніндегі кешенді шараларды ұсыну мәселелері бойынша кездесулер мен консультациялар өткізеді;

4) осы Келісімнің мақсатына қол жеткізу үшін өзара мүдделілік білдіретін барлық аспектілер бойынша кәсіпкерлікті дамытудың проблемаларына қатысты талдамалық және анықтамалық материалдарды қоса алғанда, өз иелігіндегі ақпаратты алмасады, үшінші тұлғалармен өзара тиімді байланыстар орнатады және осындай байланыстардың нәтижелері туралы бір-бірін хабардар етеді;

5) жыл сайын бірлескен іс-шаралар жоспарын қабылдайды;

6) Тараптар қызметінің нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін өз мүмкіндіктерін пайдаланады.

#### **4. Келісімнің күшіне енуі және қолданылуын тоқтату**

Осы Келісім Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібергенге дейін қолданылады.

Осы Келісімнің қолданылуы Тараптардың бірі хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң тоқтатылады.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату Тараптар арасында бар басқа да меморандумдардың, шарттардың, келісімдердің және өзге де міндеттемелердің тоқтатуына әкеп соқпайды.

Осы Келісім Тараптарға қаржылық және заңды міндеттемелер жүктемейді.

#### **5. Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

Келісім бойынша Тараптар осы Келісімге тиісті хаттамалармен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын және оларға қол қойылған сәттен бастап күшіне енетін, өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

#### **6. Басқа шарттар**

Тараптар Тараптардың құпия деп таныған ақпаратты қамтитын мәліметтерді жария етпеуге міндетті болады.

Осы Келісімнің қолданылу саласына қатысты мәселелер бойынша Тараптар арасында даулар мен келіспеушіліктер туындаған кезде, шешім

Тараптар арасындағы келіссөздер немесе консультациялар жолымен қабылданады.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және Тараптар осы Келісімге қол қою кезінде де, одан кейін де өзара қолайлы және қажетті деп қарайтын кез келген басқа бағыттар бойынша өзара жұмысты жүзеге асыра алады.

## 7. Қорытынды ережелер

Осы Келісім 2023 жылғы «\_\_\_» қарашада жасалды, Тараптардың әрқайсы үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде, 3 данада жасалды.

«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

«Атамекен»Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл



Р. Жүрсінов

